Бекітемін
«Нұрсая» бөбекжай- балабақшасы
директоры: Р. Игенбекова
_____ 2021 жыл

*Мектепке дейінгі* ***«Кәусар бұлақ» аралас тобының 3-4 жас*** *аралығындағы ортаңғы топ балаларға арналып жасалған перспективалық жоспар.*

***2021-2022 оқу жылы***

***Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге алып құрылды.***
*(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.*
*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген.*
*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі№ 412 Бұйрығы*

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту мндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі ұйым, мектеп пен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

***«Денсаулық»*** білім беру саласы бойынша мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

– қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;
– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;
– салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;
– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;
– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;
– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.

***«Қатынас»*** білім беру саласы
Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады.
Міндеттері:
- өздігінен сөйлеуге сұранысын қалыптастыру;
- балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту;
- әдеби тілде сөйлеуін дамыту;
- дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту;
- сөз өнеріне баулу;
- Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;
- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.

Әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.Баланың ауыртпалықсыз және уақытылы әлеуметтенуі, жалпы қабылданған қарым-қатынас нормаларына, құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды дамыту, тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету.

***«Таным»*** білім беру саласы
Мақсаты: инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру болып табылады.
Міндеттері:

қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;
командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру;
көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту;

тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту;

табиғатқа сүйіспеншілікке және ұқыпты карауға баулу;

өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынтасын тәрбиелеу.

***«Шығармашылық»*** *білім беру саласы*

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы эстетикалық талғамын тәрбиелеу болып табылады.

Міндеттері:

бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;

қарапайым заттарды, құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру;

балаларды тұтас қағаз парағына бейнелерді орналастыруға үйрету;

көз-қол үйлесімін дамыту;

балалардың өнімді іс-әрекетінің түрлерін дамыту;

өнер туындыларымен, халық ойыншықтарымен, қазақ және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен таныстыруды жалғастыру;

қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу, балалардың өз ойын білдіруіне сұранысын қанағаттандыру мен музыкалық қабілеттіліктерін дамыту;

командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

***«Әлеумет»*** *білім беру саласы*

Мақсаты: балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтікмәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін қалыптастыру және Қазақстан халықтарының рухани-адамгершілік құндылықтарымен таныстыру.

Міндеттері:

балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;

Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, туған өлкесіне, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Кәусар бұлақ» ортаңғы тобы**
**Қыркүйек айы 2021 жыл**
**Өтпелі тақырып: « Сүйікті балабақша»**

**Мақсаты:**Балалар балабақша , балабақша қызметкерлері туралы өз білімдерімен бөлісе алады. Балабақшаға, ондағы достарына сүйіспеншілік пен сыйластыққа танытады.Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын орындай алады.

| **Апталар** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас -2**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | **Шығармашылық-3**<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тәрбиешінің артынан баяу жүру. Бірқалыпты жүгіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>2.Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. Бірқалыпты жүгіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>3. Алаңның бір шетіне доптың артынан баяу жүру.<br>Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы:«Балабақша үйіміз». (сурет бойынша әңгімелеу)<br>Мақсаты:Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арнал ған дидактикалық ойындарды<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы:«Үйшік» ертегісі<br>Мақсаты: Ертегі желісін айтып беруді біледі, кейіпкерлерін атап ажырата алады<br>Дидакти-қ ойын:«Мен айтамын, досым жасайды» | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Біздің бақшада»<br>Мақсаты: Әртүрлі түстен , өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы айтады<br>5 көлемінде санауды, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын біледі.<br>Дид-қ ойын: «Балабақ ша» (Дьенеш блокта рымен)<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Балабақша ауласына саяхат»<br>Мақсаты: Балабақша ауласындағы және маңай ындағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды атай алады.<br>Дид-қ ойын: «Ағашты тап» | **Музыка**<br>**Маман жоспары бойынша**<br><br>**Музыка**<br>**Маман жоспары бойынша**<br><br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы:«Балабақшадағ ы түрлі түсті шарлар» (заттық сурет салу)<br>Мақсаты: Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата біледі. Бояу тәсілін бекітеді.Баланың ойлау, көру, есту қабілеттері және ұсақ қол қимылдары дамиды.<br>Дидакти-қ ойын: «Балабақшада» | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>Тақырыбы: «Ойыншықтар»<br>Мақсаты: Ойын барысында ойыншық-тарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуді ажырата алады.<br>Дидакти-қ ойын: «Ойыншықтарды жинаймыз» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **II апта** | **Дене шынықтыру**<br>1. Жұптасып жүруге дағдыландыру. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>2. Допты қос қолдап лақтыру.<br>Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоянмен бірге» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Үйшік» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі желісін айтып беруді біледі, кейіпкерлерін атап ажырата алады.<br>**Дидакти-қ ойын:«Мен айтамын, досым жасайды»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Маман жоспары бойынша** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Достарымның ойыншықтары»**<br>**Мақсаты:** Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді біледі.<br>**Дид-қ ойын: «Таныс пішіндер доминосы»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Балабақша ғимараты» (құрылыс материалдарынан құрастыру)<br>Мақсаты: «іргетас» ұғымымен танысып, балабақша ғимаратын құрастыра алады,үлкен құрылыс материалынан екі қабатты ғимарат құрастыру дағдысын біледі .<br>**Дид-қ ойын: «Балабақша» (Дьенеш блоктарымен)**<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы:<br>**«Менің жасыл достарым»**<br>Мақсаты: Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауды біледі.<br>Дид-қ ойын: «Өсімдіктің досын тап» | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Досымның үйі» ( заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі.Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет сала алады<br>**Дидакти-қ ойын: «Досыңа көмектес»**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Досымның үйі»**<br>Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстай және пайдалана біледі . Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуді біледі. Желімді, сүлгіні қолдана алады<br>**Дидакти-қ ойын:**<br>«Досыңа көмектес» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| III апта | **Дене шынықтыру**<br>(негізгі қимылдар)<br><br>1.Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ойыншыққа жету»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>(негізгі қимылдар)<br>Кілем бойымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту.Жіптің астынан еңбектеп өту (биіктігі 30-40 см)<br>**Қимылды ойын:**<br>«Сызықты баспай, көжекке жет»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>(негізгі қимылдар)<br>Қарқынды өзгерте жүру және жүруден жүгіруге ауысу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қонжыққа қарай жүгірейік» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Бақшадағы ойыншықтар»<br>Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын меңгере алады .Балалар сөздік қорын ойыншық-тардың атауларымен байыта алады.<br>**Дидакти-қ ойын:**<br>«Ойыншық атауындағы бірінші дыбысты айтайық»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Ойыншықтар» өлеңі. Н. Әлімқұлов.<br>Мақсаты: Өлеңді эмоционалды қабылдай біліп дамыта алады, түсініп, есте сақтай алады.<br>Дидакти-қ ойын: «Жаңа қуыршақ» | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Сөредегі ойыншықтар»<br>Мақсаты: Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыра алады<br>**Дид-қ ойын**:<br>«Ойыншықтар дүкені»<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Ойыншықтар еліне саяхат»<br>Мақсаты: Балалар ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұмат алып, қарапайым тәжірибелерді жүргізуде қызығушылық тарын, зейіндерін көрсетеді.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Ойыншықтарды атаймыз» | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы:«Менің сүйікті ойыншығым») ( заттық сурет салу)<br>Мақсаты: Домалақ пішінен доптыңың суретің салып, ирек сызықпен әшекейлей алады, суретті қыл қаламен салады және бояйды.<br>**Дидакти-қ ойын:**<br>«Ойыншықты атай аласын ба?» | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы:<br>«Топ жиһаздары»<br>Мақсаты: Топ бөлмелеріндегі жиһаздарды дұрыс атап, ажырата алады<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Жиһаздарды орналастыр» |
| IVапта | **Дене шынықтыру**<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Бағытты өзгерте отырып жүру.<br>Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Қызыл, сары орындықтар»<br><br>**Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>Тақырыбы:Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу)<br>Мақсаты: Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсіне алады .<br>Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қолдана алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Жиһаз | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы:<br>Үйді жабдықтау.<br>Мақсаты: Сандарды орналасу тәртібі бойынша атайды және қорытынды санды атайды, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап бере алады.<br>**Дид-қ ойын**: «Жиһаздар ды өз орындарына орналастыр» | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы:«Үй жиһаздары» ( Сандық)<br>(Сәндік сурет салу)<br>Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жіптің бойымен жүру. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>**Қимылды ойын:** «Жолыңмен жүр»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Шеңбер бойымен бағытты өзгерте отырып жүру. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.<br>**Спорттық іс-шара**: «Орындығыңа тез жет» | атауына сөйлем құрайық»<br><br>**Орыс тілі**<br>Маман жоспары бойынша | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: «Досымның үйі»<br>Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырырып құрастыра алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Дұрыс, бұрыс»<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Жиһаз фабрикасына саяхат»<br>Мақсаты: Қарапайым тәжірибелерді жүргізуде қызығушылықтарын, зейіндерін көрсетіп орындай алады.<br>**Дид-қ ойын**: «Жиһаз сатып алдым» | шығармаларымен танысып, сандыққа қазақ оюларының кейбір элементтерін әшекейлей алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Жиһаздарды өз орындарына орналастыр»<br><br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: «Балабақшадағы әр түрлі доптар»<br>Мақсаты: Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндей алады .<br>Тазалық, ұқыптылықты біледі.<br>**Дидакти-қ ойын:**«Балабақшада» | |

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

**Қазан айы 2021 жыл**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

**Мақсаты:**Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жеткізіп баяндайды. Денаулықсақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану мақсатында дене шынықтыру жаттығуларын орындайды.

| **Апталар** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3**<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| I апта | **Дене шынықтыру**<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Шеңбер бойымен бірқалыпты жүру. Белгі бойынша шашырап жүгіру.<br>**Қимылды ойын: «Біз** көңілді отбасымыз»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Кілем бойымен жүру. Допты кеуде тұсынан қос қолдап лақтыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Доптарды жинаймыз»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Доғалар астынан еңбектеп өту.<br>Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Маған еңбектеп жет» | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы:<br>«Адасқан құмырсқа» ертегісі<br><br>**Дид-қ ойын**:<br>«Құмырсқаның илеуіне жолды тап» | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Отбасындағы менің бір күнім» (Сан мен санау)<br>Мақсаты: Теңдік және теңсіздік туралы ұғым дарды ажыратады.<br>Салыстыратын топтар: бір көп, бір және екі,екі және үш және төрт, төрт және бесті санай алады<br>**Дид-қ ойын:** «Біз отбасында нешеуміз?»<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «**Мол өнім»<br>**Дид-қ ойын:** «Әкем егін жинады» | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы:<br>«Тостағанды әшекейлеу» (заттық сурет салу)<br><br>**Дид-қ ойын:**<br>**«Отбасындағы түскі ас»** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сақтайық»<br><br>**Дид-қ ойын:**<br>«Жолдағы қауіпсіздік» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| II апта | **Дене шынықтыру**<br>Кедергілер арасымен жүру. Отырып допты бір-біріне домалату.<br>**Қимылды ойын**: «Көшедегі ағаштар»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқан-нан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Доғалар астынан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын:** «Допша секір»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жүруден жүгіруге ауысу.<br>Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Жолдағы таяқша-лардан аттап өт» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Біз тұратын көше»<br>Мақсаты: Байланыстырып сөйлей алады,өзі тұратын көше туралы әңгімелеп айтып бере алады.<br>**Дид-қ ойын**:«Көшедегі көлік түрін дыбысынан таны»<br><br>**Орыс тілі**<br>Маман жоспары бойынша | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы:Қала картасы (Геометриялық пішіндер)<br>Мақсаты: Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып,екі тәсілмен орнатады, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап бере алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Көшедегі әр-түрлі көліктер »<br><br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы:<br>«Асхана» (қалдық материалдармен жұмыс)<br>Мақсаты: Балалар табиғи материалдардан түрлі заттар даярлай алады.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Отбасындағы түскі ас»<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Көшеде өзін ұстау тәртібі»<br>Мақсаты: Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалып тастырып, бөлісе алады<br>**Дид-қ ойын:**<br>**«**Көшедегі қауіпсіздік» | **Жапсыру**<br>Тақырыбы:<br>«Менің көшем» Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне орналастыра алады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескере алады .<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ІІІ апта** | **Дене шынықтыру**<br>1. Бірбағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу<br>**Қимылды ойын:** «Абайла, балақай!»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру.<br>Допты қағып алуға дағдыландыру.<br>**Қимылды ойын:** «Қоңырауды сылдырлат»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Отырып допты бір-біріне домалату. Белгі бойынша шашырап жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Жаңбырдан тығылайық» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы:<br>«Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр»<br>Мақсаты:<br>Заттарды және олардың тұрған орнын аңықтап айта алады және баяндап әңгімелер береді.<br>**Дид-қ ойын**:«Асханадағы қауіпсіздік ережесі» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Қияр мен капуста» ертегісі<br>Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалайды, барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай алады.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Көкөністерді тез жина» | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы:<br>«Саңырауқұлақтарды жинау»<br>Мақсаты:<br>5-ке дейін реттік сандарды санайды, реттік сан есімдерді атайды, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап бере алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Ормандағы қауіпсіздік» (Воскобовичтің дамы тушы ойындары)<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы:«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері»<br>Мақсаты:Табиғат аясын дағы тәртіп ережелері тур алы түсінік алып,. балалар әр – түрлі жағдайдан шығу жолдарын таба алады.<br>**Дид-қ ойын**:<br>«**Қауіпті және қауіпсіз заттар»** | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы:«Бағдаршам» (Заттық сурет салу)<br>Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын көрсете алады..<br>**Дид-қ ойын**: «Бағдаршам қандай?» | **Қоршаған орта мен танысу**<br>Тақырыбы:<br>«Күзгі табиғат құбылыстары»<br>Мақсаты: табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін кеңейтіп,.күзгі табиғаттағы өзгерістерін бақылау дағдыларын баяндай алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Күзгі құпиялар» |
| **IVапта** | **Дене шынықтыру**<br>Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру .<br>Қимылды ойын: «Жапырақтар жинайық» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу).<br>Мақсаты: сурет мазмұнына сәйкес әңгіменің басы мен соңын құрастырып баяндай алады.<br>Байланыстырып сөйлеу дағдыларын көрсете | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы:«Бақтағы жемістер мен көкөніс тер» (Геометриялық пішіндер)<br>Мақсаты: 1 санын тауып көрсете алады. Сандық топты белгілейді,. биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыра | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: «Бағдаршам»<br>Мақсаты: Қамыр кесек терінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастырып,. пропорцияларын сақтап, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Түзу және ирек жолдармен жүгіру.<br>Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>**Қимылды ойын:** «Күзгі соқпақ жол»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.<br>Допты нысанаға дәлдеп лақтыру.<br>**Спорттық іс-шара: «Себетті толтыр»** | алады.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Бұл қай кезде болады?»<br><br>**Орыс тілі**<br>Маман жоспары бойынша | алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Күзгі жемістер»<br><br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: «Біздің көше (Құрылыс материал дарынан)<br>Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыра алады.<br>**Үстел-үсті ойыны:** «Көшедегі әр-түрлі көліктер»<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы:«Алтын күз келді!»<br>Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін баяндай алады.<br>Табиғаттағы ауа райының жайын бақылайды және бақылау нәтижелерін таб иғат күнтізбесіне белгілей алады.<br>**Дид-қ ойын**:«Күзгі ерекшеліктерді ата» | саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндей алады.<br>**Дид-қ ойын**: «Бағдаршам қандай?»<br><br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы:«Күзгі жапырақтар» (Сюжет ті сурет салу)<br>Мақсаты:Қылқаламды дұрыс ұстауды, қағаздың үстінен жүргізуді үйрене отырып, қоршаған ортан ың әсемдігін, эстетика лық талғам дағдыларына сай бейнелей алады.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Жыл мезгілін ата» | |
| **5-апта** | **Дене шынықтыру**<br>(негізгі қимылдар)<br>1 . Бағытты өзгерте отыра жүру.<br>Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы:«Отбасымдағы мереке»<br>Мақсаты: Отбасымен бірге өткізген мерекелік дастархан, бірге қыдарғаны туралы | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы:<br>«Пішініне қарай ажырат»<br>Мақсаты:<br>Фигураларды тиісті орынан қойып, олардың атауын атайды. | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Сурет салу** | **Қоршаған орта мен танысу**<br>Тақырыбы:<br>«Күзгі жаңбырды бақылаймыз»<br>Мақсаты: табиғат құбылыстары: жел, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: «Мен шыныққан баламын»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Белгі бойынша тоқтап жүгіру.<br>Допты жоғарыға лақтыру (қағып алмай)<br>Қимылды ойын:<br>«Дәл түсір»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.<br>Арқанның астымен еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Бірге қонаққа барайықшы» | әңгімелеп береді.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«Асханадағы қауіпсіздік ережесі»<br>(Воскобовичтің дамытушы ойындары)<br><br>**Орыс тілі**<br>**Маман жоспары** | **Дид-қ ойын:** «Ормандағы қауіпсіздік»<br>(Воскобовичтің дамы тушы ойындары)<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы:«Ауладағы құстар»<br>Мақсаты:Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту.<br>**Дид-қ ойын:**<br>«**Қауіпті және қауіпсіз заттар»** | Тақырыбы:«Қуыршаққа арналған сақина»<br>(Заттық сурет салу)<br>Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын көрсете алады.<br><br>**Дид-қ ойын:** «Бағдаршам қандай?» | жаңбыр, тұман туралы түсініктерін кеңейтіп, күзгі табиғаттағы өзгерістерін бақылау дағдыларын баяндай алады.<br>**Дид-қ ойын:** «Күзгі құпиялар» |

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

**Қараша айы 2021жыл**

**Өтпелі тақырып «Денсаулық-зор байлық»**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтаутехнологиялары негізінде спортпен шұғылдану тәсілдерін көрсете алады. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрену барысында  белсенділік танытады. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін пайдалана алады.

| **Апталар** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3**<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1. Шағын топқа бөлініп жүгіру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.<br>Қимылды ойын: «Дәрумендер жолындағы кедергілер»<br><br>Дене шынықтыру<br>Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру.<br>Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Дәрумендерді тап»<br><br>Дене шынықтыру<br>Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: «Допты | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:«Мен қандай мын?»<br>Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтып бере алады. Дид-қ ойын: «Сезім мүшелерін ата»(сыни ойлау)<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» ертегісі<br>Мақсаты: Ертегі желісін драмалау дағдыларын қалыптастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Көкөністерді ата» | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Менің күн тәртібім»  (Уақытты бағдарлау)<br>Мақсаты: 2 санымен танысады, таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажыратады және атай алады.<br>Дид-қ ойын: «Кім үйіне тез жетеді?»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Мен табиғатты бақылай аламын ба?»<br>Мақсаты: «Бақылау» ұғымын түсініп,  жанды табиғат, оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түр лері туралы білімдерін баяндай алады.<br>Жанды және жансыз табиғатқа не жататынын түсініп, ажырата алады. | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Мақта қыздың мысығы»<br>Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, жануарларды бейнелей алады.<br>Дид-қ ойын: «Өзің жақсы көретін үй жануары» | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Адам еңбегінің нәтижесі»<br>Мақсаты: Ересектердің еңбегін ойын әрекеттерінде көрсете отырып, ересектермен бірге еңбек әрекеттерін орындай алады..  «Құстарға ұя жасаймыз» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуып жет» | | Дид-қ ойын: «Жанды-жансыз» | | |
| **ІІ апта** | Дене шынықтыру<br>Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру.<br>Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.<br>Қимылды ойын: «Біз біргеміз»<br><br>Дене шынықтыру<br>Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру.<br>Доға астынан допты домалатып өту.<br>Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Дене шынықтыру<br>30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру.<br>Кедергі астынан еңбектеп өту.<br>Қимылды ойын: «Маған көмектес» | Сөйлеуді дамыту<br><br>Тақырыбы:«Не дәмді?» ертегісі<br>Мақсаты: Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолданып,зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыта алады.<br>Дид-қ ойын: «Дәмін татып, атын ата»<br><br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Көкөністер мен жемістер» (Кеңістікті бағдарлау)<br>Мақсаты:: 3 санымен таныстыру.Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай біле алады<br>Дид-қ ойын: «Көкөністерді сана»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы:«Менің қорам» (Құрылыс материалдарынан)<br>Мақсаты: Үлгі бойынша әртүрлі текшелермен қора құрастыра алады. Құры лысты биіктетіп жасау, бір бөлшекті екінші бөлшек пен ауыстыру (биік және аласа), өзгерту іскерлік терін көрсете алады.<br>Дид-қ ойын:«Сен қандайсың?»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат»<br>Мақсаты: жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсініп айтып бере алады, бау-бақшаға саяхатқа шығып, еңбексүйгіштіктіктерін көрсете алады | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Жеміс-жидекке арналған себет»<br>Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастырып, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдей алады<br>Дид-қ ойын:<br>«Ащы, тұщы»<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Дәмді алмалар»<br>Мақсаты:Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде сала отырып , шығармашылық ойлау, қиялдау қабілеттерін пайдаланып ұсақ қол қимылдарын жасай алады.<br>Дид-қ ойын:«Алма кетті домалап...» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дид-қ ойын:<br>«Бақта ма, бақшада ма?» | | |
| **III апта** | Дене шынықтыру<br>Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру.<br>Допты қос қолдап лақтыру.<br>Қимылды ойын:<br>«Жалаушаға дейін жет»<br><br>Дене шынықтыру<br>Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу.<br>Қимылды ойын:<br>«Сызықты басып кетпе»<br><br>Дене шынықтыру<br>Шеңберден шеңберге аттау.<br>Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Спорттық іс-шара: «Біз күштіміз, ептіміз» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Қайырымды бала»<br>Б.Данабеков<br>Мақсаты: Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалып тастырып әңгімеге қатысады және тілді түсіну, тыңдау біліктерін үйрету дағдыларын көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Болады, болмайды»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Кім күшті?<br>ертегісі<br>Мақсаты: Әдеби кейіпкерлерді дене пластикасы, ым, мимика, дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстауды қалыптастырып, ертегі желісін ретімен орындай алады.<br>Дид-қ ойын: «Күшті аңдарды сомдаймыз | Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>«Дым білмеске көмектес»<br>Мақсаты: 4 санымен танысып,заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы айтып,.ұзын-қысқа белгісі бойынша заттарды салыстыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Қанша болса, сонша»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Қанатты достар»<br>Мақсаты: Үй құстарын атай біліп, (қораз, мекен, қаз) және олардың сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылап көрсете алады.<br>Дид-қ ойын:«Құстарға жем берейік» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Әдемі құс»<br>Мақсаты:Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін сала алады. .Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.<br>Дид-қ ойын: «Болады, болмайды!» | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Қай аң күшті?»<br>Мақсаты: Жабайы жануарларды ажырата алады. Жабайы жануарлар дың күз мезгілін дегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқы дайындығы) баяндай біледі.<br>Дид-қ ойын: «Кім күшті?» |
| **IVапта** | Дене шынықтыру<br>Ұзындығы 2,5-2м, ені 20 см тақтай бойымен жүру.<br>Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру.<br>Қимылды ойын:<br>«Көкпар» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Кім күшті?<br>ертегісі<br>Мақсаты: Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданып | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Спорт еліне саяхат»<br>Мақсаты: 5 санымен танысып, 5 көлемінде санай алады, заттарды үлгі бойынша және аталған саны бойынша санай алады. | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Құс»<br>Мақсаты: Тұтас бөліктен шымшу тәсілі арқылы құстың бейнесін мүсіндеп, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру<br>Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру.<br>Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы себетке допты дәлдеп лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Қуыспақ»<br><br>Дене шынықтыру<br>Шығыршықтың (обруч) ішіне қос аяқпен секіру.<br>Кедергілер арасынан жүгіру.<br>Қимылды ойын: «Мен чемпионмын » | айта алады..<br>Дид-қ ойын: «Күштілерді тап»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Дид-қ ойын: «Кім күшті?»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:«Алтын жапырақ төккен күз»<br>Мақсаты: Күз мезгілін дегі табиғат құбылыста рын (жапырақтардың түсуі) бақылайды,бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре алады.<br>Дид-қ ойын:«Жапырақты кім бірінші жинайды?»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы:«Жеміс-жидекке арналған себет» (қағаздан құрастыру)<br>Мақсаты:Дайын қиылған жолақшалардан өру тәсілімен себетті құрастырып,. қағаздың бұрыштары мен жақтарын беттестіріп, теңдей етіп бүктей алады.<br>Дид-қ ойын:«Дәмін татып,атын ата» | қызығушылықтарын арттыра алады..<br>Дид-қ ойын: «Болады, болмайды!»<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Құмырсқа»<br>Мақсаты:Дөңгелек, сопақша пішіндер арқылы заттардың суретін салады, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамытып, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл қозғалыс үйлесімділігін көрсете алады<br>Дид-қ ойын: «Ең күшті құмырсқаны ізде» | |

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

**Желтоқсан айы 2021жыл**

**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиеті туралы игере отырып, Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтейді және патриотизмге толы сезімдерін көрсете біледі.

| Апталар | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас -2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1.Шеңбер бойымен жүру.<br>30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру.<br>Жәй қимылды ойын: «Ұшты, ұшты»<br><br>Дене шынықтыру<br>Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру.<br>Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: «Жалаушаға тез жет»<br><br>Дене шынықтыру<br>Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру.<br>Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу<br>Спорттық отбасылық | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>М. Хакімжанованың «Отан» өлеңі<br>Мақсаты: Тілдің грамматика лық құрылымын қалыптастыру мақсатындағы ойындарды кеңінен қолданып,. Отанды, туды құрметтеуге деген өз ойларын білдіре алады..<br>Дид-қ ойын: «Не? Қайда? Қашан?»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Атам мен әжемнің ауылына саяхат»<br>Мақсаты:Ата мен әженің әңгімесін тыңдау мен адамдар дың сезімі мен қарым –қаты насын көріп, қайталап көрсетуді баяндай алады.. Таныс ертегі кейіпкерлердің рөлдерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Үлкен және кіші»<br>Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатын дығы жайлы түсіне отырып,ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі затты салыстыра алады. Шаманы салыстыруда беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдана алады. .<br>Дид-қ ойын: «Хайуанаттар бағына саяхат»<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:«Қай жерде өседі?»<br>Мақсаты: Табиғаттың жанды нысандары және ерекшеліктері туралы түсініктерін жүйелей алады.. Балабақша аумағындағы және жақын, алыс мекендердегі өсімдіктерді (ағаштар мен | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Киіз үйдің керегелері»<br>Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біле алады .Киіз үйдің керегелері туралы түсініктерін кеңейте отырып, жуан,жіңішке таяқшаларды рет-ретімен салуда қарындашты қолдануа алады .<br>Үстел-үсті ойыны: «Киіз үйді құрастыр» | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: «Астана-бас қалам»<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының бас қаласы- Нұрсұлтан туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы қалыптастыра алады.. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу арқасында .<br>Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Еотаңба, Әнұран) білімдерін айта алады «Астананың көрікті жерлері»<br>**Лэпбук жасау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сайыс: «Алға, бүлдіршін | бағалай біледі. Дид-қ ойын: «Кім есінде көп сақтайды?»<br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | бұталар) ажыратады және атай біледі<br>Дид-қ ойын:«Қай ағаштың жапырағы? | | |
| ІІ апта | Дене шынықтыру<br>Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің үстімен жүру.<br>Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру.<br>Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер»<br><br>Дене шынықтыру<br>Бағдар бойынша кілемнің бойымен жүріп келіп,<br>бір орында баяу айналу.<br>Қимылды ойын: «Қуыршақпен бірге айналайық»<br><br>Дене шынықтыру<br>Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Кім күшті?» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Біз тұратын қала»<br>(сурет бойынша әңгіме құрау)<br>Мақсаты: Сөз және сөз ұйқастарынан құрылған ойындарға қызығушылығын көрсете алады. Мнемотехника әдісі арқылы қаланың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Менің мекенжайым»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы:«Астананың кереметтері»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді және геомет риялық денелерді ажыра тып және атай алады<br>Дид-қ ойын: «Неге ұқсайды?»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы:«Бәйтерек» монументі (қағаздан құрастыру жұптық жұмыс)<br>Мақсаты: бәйтерек ғимаратын құрастыруда қатты қағаздарды дұрыс қолдана алады;қағаз бөлшектерін бір-біріне желімдеу, бұрыштары мен жақтарын бүктеу, беттестіру іскерліктерін көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Айырмашылығын тап»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Құсхананы мекендеушілер»<br>Мақсаты: Балалар үй құстары туралы түсінік терін баяндай алады..<br>Жанды нысанды сипаттайды.<br>Дид-қ ойын:«Туған өлке құстары» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы:«Сыр ана» монументі<br>Мақсаты:<br>Қайшыны дұрыс ұстайды және пайдалана алады Шаршыны беттестіру тәсілімен үшбұрышты қия алады. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдей алады<br>Дид-қ ойын:«Туған өлке жәдігерлері»<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Достық үйі»<br>Мақсаты:Геометриялық пішіндерді салады, ою-өрнекпен әшекейлей алады.<br><br>Үстел-үсті ойыны: «Достардың үйін құрастыр» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| III апта | Дене шынықтыру<br>Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br>Допты себетке лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Дәл түсір»<br><br>Дене шынықтыру<br>Төрттағандап тақтайдың үстімен жүріп, бірнеше кедергіден (лента, текше) өту.<br>Қимылды ойын: «Сызықтың бойымен жүр»<br><br>Дене шынықтыру<br>Шеңберден шеңберге аттау.<br>Допты қағып алу.<br>Қимылды ойын: « Допты қуып жет» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Астана- арман қала»<br>(сурет бойынша әңгімелеу)<br>Мақсаты: Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алады.<br>Дид-қ ойын: «Сүйікті қалаға саяхат»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»<br>Сахналық қойылым<br>Мақсаты: Сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін серіктесімен сәйкестендіре отырып сақтайды, сахнаны, аланды бағдарлай алады..<br>Ересектер мен құрдастарымен өзара әрекет ете алады.. | Математика негіздері<br>Тақырыбы:«Астанам-бас қалам»<br>Мақсаты: Кеңістікте бағдарлау:өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай алады.<br>.Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастырып, өзінің дене бөліктерін  бағдарлап және атай алады.<br>(бас,аяқтар,қолдар)<br>Дид-қ ойын: «Астананың көрікті жерлері»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Астанадағы хайуанаттар бағы»<br>Мақсаты: Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы айта алады.<br>Дид-қ ойын:<br>«Астананың көрікті жерлері» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Пирамида»<br>Мақсаты:<br>Үлгі бойын ша пішінін, пропорциясын ескере отырып, пирамиданың суретін сала алады.  Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыра алады.<br>Үстел-үсті ойыны:<br>«Әдемі пирамида»<br>(Воскобович ойындары) | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: «Қысқы ағаштар»<br>Мақсаты:балабақша ауласындағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлері жайлы айта алады..<br>Ағаштардың бөлік терін тауып, атай білу дағдыларын бекіте алады..<br>Дид-қ ойын:<br>«Президент саябағы» |
| IVапта | Дене шынықтыру<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Бір қалыпты жүру.<br>Бір орында тұрып бірқалыпты секіру.<br>Қимылды ойын:<br>«Ормандағы аю»<br><br>Дене шынықтыру<br>Бір қалыпты жүгіру. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Тәуелсіз елдің көшбасшысы»<br>Мақсаты: Сурет бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыра алады.. Балалар «тәуелсіз», «егемен» сөздерінің мағынасын кеңінен түсіне отырып,өз ойларын баяндай алады. | Математика негіздері<br>Тақырыбы:«Қазақстан ның байлықтары»<br>Мақсаты: Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санай алады. (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санауды біледі.<br>Дид-қ ойын: «Бұл қай | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Байтерек монументі»<br>Мақсаты: Үлгі бойын ша пішінін, пропор циясын ескере отырып, Байтеректің суретін сала | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қар түйіршіктерін себетке лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Себетке жина»<br><br>Дене шынықтыру<br>Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.<br>Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?» | Дид-қ ойын: «Менің мекенжайым» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | жерде...?»<br><br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы:«Достық үйі»( Құрылыс материалдарынан)<br>Мақсаты: Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыра алады..<br>Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін көрсете алады..<br>Үстел-үсті ойыны: «Біздің өлкедегі үйлер<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Қазақстан дағы жануарлар»<br>Мақсаты: Үй жануарлары және олардың төлдерін атай алады.. Сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы айта біледі.<br>Дид-қ ойын:«Төлдерін ата» | алды. Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын көрсете алады..<br>Үстел-үсті ойыны: «Қазақстанның көрікті жерлерін ата »(Воскобовичтің дамытушы ойындары)<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы:«Пирамида»<br>Мақсаты: Үлгі бойын ша пішінін, пропорци ясын ескере отырып, Пирамиданың мүсінін жасай біледі . Кескішпен түрлі безендірулер жасай алады<br>Үстел-үсті ойыны: «Әдемі пирамида» (Воскобович ойындары) | |
| Ү апта | Дене шынықтыру<br>Берілген бағыт бойынша аяқтың ұшымен жүру.<br>Алаңда шашырап жүгіру.<br>Қимылды ойын: «Түлкіні ұстап алайық»<br><br>Дене шынықтыру | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Марғау қыс мезгіліне қалай таңқалды?» әңгіме құрау<br>Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейеді, сөздік қорын байып, олардың қолданысын түсіндіре алады.<br>Дид-қ ойын: «Мысыққа көмектес» | Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>«Шаршы құрастыр»<br>Мақсаты:Бөлшектерден бүтір бір зат құрастыра алады<br>Дид-қ ойын: «Шаңсорғыш»<br><br><br>Жаратылыстану | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Ақ ұлпа қарлар»<br>Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салу дағдыларын | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Қысқы баққа саяхат»<br>Мақсаты:<br>Қыстағы құбылыс-тарды бақылап ерекшелігін айта алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру.<br>Кедергілі жазықтың бетімен нысанаға дейін еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян»<br><br>Дене шынықтыру<br>Қар түйіршіктерін себетке лақтыру.<br>Еңіс тақтайдың үстімен жүру.<br>Қимылды ойын: «Қарды нысанаға лақтыру» | Орыс тілі<br>Маман жоспары | Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады»<br>Мақсаты: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейтіп, қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін жасай алады.<br>Дид-қ ойын: «Мекенін тап» | меңгеріп суретін сала алады.<br>Дид-қ ойын: «Не артық?» | Дид-қ ойын: «Теңестір» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Қаңтар айы 2022 жыл**

**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:**Ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдылары арқылы табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын көрсете алады

| Апталар | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас -2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Маетематика негіздері -1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу -1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған орта-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| I апта | Дене шынықтыру<br>Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру.<br>Доптарды бір-біріне домалату.<br>Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина»<br><br>Дене шынықтыру<br>Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру.<br>20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту.<br>Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет»<br><br>Дене шынықтыру<br>Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см)<br>Бір және екі қолымен допты еденге ұру.<br>Қимылды ойын: «Көпірден өт» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»<br>Мақсаты: Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалар сөздік қорларын дамытып және байытып сөйлей алады.<br>Дид-қ ойын: «Жеті қазына»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» ертегісі<br>Мақсаты: Ертегі арқылы балалар табиғатты қорғауға, ертегінің мазмұнын басты кейіпкерлердің мінез құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуді біледі | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»<br>Мақсаты: 5-ке дейін тура және кері санай алады.<br>Дид.ойын: «Шырша жаңғақтарын сана»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері»<br>Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атай алады. Гүлдің бөліктерін атай алады..<br>Дид.ойын: «Гүл егеміз» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Шырша»<br>Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сақтай отырып сурет сала алады.<br>Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны безендірейік»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Қонжық»<br>Мақсаты: Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндік терін кеңейте отырып, оған қызығушылықтарын көрсете алады.<br>Дид.ойын: «Анасын тап» | Қоршаған орта мен танысу<br>Тақырыбы: «Құстың ұясы»<br>Мақсаты: ересектердің еңбегі туралы білімдерін жетілдіріп айта алады<br>Дидактикалық ойын: «Үй және дала құстары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| II апта | Дене шынықтыру<br>Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см)<br>Бір және екі қолымен допты еденге ұру.<br>Қимылды ойын: «Көпірден өт»<br>Дене шынықтыру<br>Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде ).<br>Допты екі қолмен төменнен лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Қарды домалат»<br><br>Дене шынықтыру<br>Белгі бойынша шашырап жүгіру.<br>Арқанның астымен еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Аққалаға дейін еңбекте» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Үй жануарлары мен төлдері»<br>Мақсаты:үй жануарлары мен төлдері туралы өз сөздерімен айтып сипаттай алады..<br>Дид-қ ойын: «Не қалай дыбыстайды?»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы:«Үй жану арлары»<br>Мақсаты: Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы тура лы түсініктерін жетілдіре айта алады.<br>Дид-ойын: «Төлдерін ата»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: «Шырша»<br>Мақсаты: Фетрдан шыршаны құрастыру дағдыларын қалыптастырып каөрсете алады.Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалана алады.<br>Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны орналастыр»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:«Үй жануар лары қандай?»<br>Мақсаты: Үй жануарла рының сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы түсініктерін кеңейтіп, білімдерін баяндай алады.<br>Дид.ойын: «Ненің дауысы?» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Қоян»<br>Мақсаты: Жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып сала алады.<br>Дид.ойын: «Өз мекенін тап»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Қонжық»<br>Мақсаты: Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндік терін кеңейте отырып, терін кеңейте отырып, оған қызығушылық-тарын көрсете алады.<br>Дид.ойын: «Анасын тап» | |
| III апта | Дене шынықтыру<br>Түзу бағытта заттарды аттап өту.<br>Допты жоғары лақтыру.<br>Спорттық іс-шара: | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:«Жыл құстары»<br>Мақсаты Балалар табиғаттағы құстарды аялап,баптап, күтуді біле | Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>«Құстарға қамқорлық»<br>Мақсаты:заттардың сыңарларын қою негізінде | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: «Қыс мезгілі»<br>Мақсаты: қыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Шынықсаң шымыр боласың!»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1.Бөренелерден аттап жүру.<br>Бір орында тұрып бірқалыпты секіру.<br>Қимылды ойын: «Ғажайып кедергі» ойыны»<br><br>Дене шынықтыру<br>Орнынан ұзындыққа секіру(25-30 см)<br>Шеңберден шеңберге аттау.<br>Қимылды ойын: «Қоянша секір» | отырып,.үнтаспадан құс тардың үнін тыңдап дауыстар ын шамалары жеткенше айыра алады<br>Дид.ойын: «Құстардың атын ата»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:<br>Тақырыбы: «Аяз ата сиқыры» ертегісі<br>Мақсаты: Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналай алады.<br>Дид-қ ойын: «Аяз ата мен Ақшақар» | салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерлігіне жаттықтыруды жалғастыра алады.<br>Дид.ойын: «Жапалақ»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Үй құстары»<br>Мақсаты: Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшелік терін аңғарып,. олардың адамға тигізер пайдасы туралы айта алады.<br>Дид.ойын: «Әр құсқа өз орны» | Сурет салу<br>Тақырыбы: «Тотықұс»<br>Мақсаты: Құстың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелей алады.<br>Үстел-үсті ойыны: «Тотықұстың әдемі үйі» | мезгілінде табиғат ты бақылау дағды ларын дамыта отырып,көрсете алады.<br>Дидак-лық ойын : «Мұздатамын» |
| IVапта | Дене шынықтыру<br>Қарлы төмпешікке өрмелеу. (ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу)<br>Қимылды ойын: «Мені қуып жет<br><br>Дене шынықтыру<br>Шашырап жүгіру.<br>Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар»<br>(сурет бойынша әңгімелеу)<br>Мақсаты: Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымша ларды қолдану дағдыларын қалыптастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Қайсысы артық?»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»<br>Мақсаты: Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатады, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап бере алады.<br>Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап айта алады..<br>Дид-қ ойын: «Аяз атаға көмек» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Аққала»<br>Мақсаты:Заттардың пішінін бейнелеу дағды ларын қалыптастыра алады..<br>Дид.ойын: «Ұлпа қарлар» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру<br>Жол бойымен еңбектеу.<br>Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Паровоз» | | Құрастыру<br>Тақырыбы: «Жануарларларға қора жасаймыз»<br>Мақсаты:Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастырып көрсете алады.<br>Дид.ойын: «Мекенін тап»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді»<br>Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастырып,<br>қыс мезгіліндегі табиғатты бақылау дағдыларын дамыта алады..<br>Дид-қ ойын: «Қыс ерекшелігі» | Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Тотықұс»<br>Мақсаты: Құстардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдаланып, дағдыларын көрсете алады.<br>Дид.ойын: «Құсты және ұясын құрастыру» (Воскобович ойындары) | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ақпан айы 2022 жыл**

**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**
**Мақсаты: И**нновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың экологиялық білімдері жетіле отырып, өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыра алады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды түсініп баяндай алады.Өз денсаулығына саналы қарау қажеттігін айта алады.

| Апталар | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас-2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | Дене шынықтыру<br>Гимнастикалық орындық үстінде бір орында баяу айналу.<br>Секіртпеден секіру.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?»<br><br>Дене шынықтыру<br>Түзу және ирек жолдармен жүгіру.<br>Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз»<br><br>Дене шынықтыру<br>Түзу және ирек жолдармен жүгіру.<br>Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Музыкалық жаттығу: | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Мөлдіреген аппақ қыс»<br>Мақсаты: Тілдің қарқынын өзгертіп біліктерін бекіту арқылы: баяу сөйлеп, жаңылтпаштар айта алады. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіріп көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Жыл мезгілі»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Көңілді көліктер»<br>Мақсаты: Жұбымен келісе отырып, сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтап. сахнада бағдарлана алады.<br>Дид-қ ойын: «Көліктерше ән салайық» | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Қысқы орман»<br>Мақсаты: Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап, қорыта алады<br>Дид-қ ойын: «Шырша қанша?»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:«Қар қиыршықтары»<br>Мақсаты: Өлі табиғат нысандары туралы білім дерін байыта отырып,. қарапайым экологиялық білімдеріне сүйеніп сипаттай алады..<br>Дид-қ ойын: «Қар қиыршықтары қандай?» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Ақша қар»<br>Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып, сурет сала алады. Үшбұрыш, сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін сала алады.<br>Дид-қ ойын: «Ұлпа қарлар» | Қоршаған ортамен танысу.<br>Тақырыбы: «Электроника әлемінде»<br>Мақсаты: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейте отырып көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Не қайда тұрады?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Кірпілер билейді» | | | | |
| II апта | Дене шынықтыру<br>Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Қимылды ойын: «Көлшіктен аттап өт»<br><br>Дене шынықтыру<br>Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру.<br>Доға астынан допты домалатып өту.<br>Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде»<br><br>Дене шынықтыру<br>Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: «Допты домалат»<br>3.Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Көліктер»<br>Мақсаты: Заттардың тобын білдіретін сөздерді балалар сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіре алады.<br>Дид-қ ойын: «Көлікті аяқта»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Автотұрақ» (геометриялық пішіндер)<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді: шеңбер, шаршы танып және атай алады. Пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсі лдерімен зерттей алады.<br>Дид-қ ойын: «Вагонның таңбасын тап»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: «Аққала»<br>Мақсаты: Балалар қалдық материалдан бұйым жасауды баули алады.. Бөліктерді біріктіріп желімді пайдалана алады.<br>Дид-қ ойын: «Аққала соғамыз» (жинаймыз<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Қыстағы көліктердің күтімі»<br>Мақсаты: Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау және бақылаулардың нәтижелелін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру. Көліктерге күтім жасау дағдыларын қалыпастыру.<br>Дид-қ ойын: «Көліктерді жинайық» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Автобус»<br>Мақсаты:Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіре алады. Суретте ашық және солғын түстер ді пайдалана алады.<br>Дид-қ ойын: «Ненің дыбысы?»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Паровоз»<br>Мақсаты: Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерін кеңейте отырып, оған қызығушылықтарын көрсете алады.<br>Пішіндерді ретімен қию,желіммен жұмыс жасау дағдыларын жасай алады.<br>Дид- ойын: «Әр бөлшектің орнын тап» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| III-апта | Дене шынықтыру<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру.<br>Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Арқан тарту»<br><br>Дене шынықтыру<br>.Орнынан ұзындыққа секіру (30-35см).<br>Текшелерге шығу, қолын жоғары көтеру және түсу. Музыкалық жаттығу «Қошақанмен биле»<br><br>Дене шынықтыру<br>Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру.<br>Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату.<br>Қимылды ойын: «Асықты жина» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар»<br>Мақсаты: Балалар сөздік қор ын тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен байытып,. олардың қолданысын түсіндіре алады.<br>Дид-қ ойын: «Менің үйімдегі электроника»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»<br>Мақсаты: Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас, адамгершілік нормалары мен түсініктері нормаларын бағалай аладыжәне көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Дәрігер | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар»<br>Мақсаты:Кеңістікте бағдарлап. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алады.<br>Дид-қ ойын: «Шаңсорғыш»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар»<br>Мақсаты: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейтіп, қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін жасай алады.<br>Дид-қ ойын: «Мекенін тап» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Срет салу<br>Тақырыбы:«Теледидар»<br>Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салу дағдыларын меңгеріп көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Не артық?» | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»<br>Мақсаты:Барлық мамандық иеле рінің еңбектерін бағалап сараптай алады.<br><br>Дид-қ ойын: «Қандай мамандық иесі?» |
| IVапта | Дене шынықтыру<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру.<br>Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Арқан тарту» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:«Мамандықтың бәрі жақсы»<br>(сурет бойынша әңгіме)<br>Мақсаты: Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындай алады.<br>Дид-қ ойын: «Кімнің | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Құрылыс шының құралы»(көлем)<br>Мақсаты: Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтайды және тану дағдыларын қалыптас тыра отырып, таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең ұғымдарын | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: Ғажайып ұшақ (Акварель бояуымен )<br>Мақсаты: Әуе ұшақта ры, аспан планеталары туралы білімдерін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру<br>Орнынан ұзындыққа секіру (30-35см).<br>Текшелерге шығу, қолын жоғары көтеру және түсу.  Музыкалық жаттығу «Қошақанмен биле»<br><br>Дене шынықтыру<br>Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру.<br>Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату.<br>Қимылды ойын: «Асықты жина» | құралы?»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | атай алады.<br>Дид-қ ойын: «Біз үй саламыз»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: «Орманға саяхат»<br>Мақсаты: Сіріңке «шырпыларынан» алуан түрлі бейнелерді құрастырады.<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Мен құрылысшы боламын»<br>Мақсаты: Ересектердің еңбегін бағалай біледі , ересектерге сыйластық пен қарым қатынас жасайды қоршаған ортаны қорғау жолдарын баяндай алады.<br>Дид-қ ойын: «Әсем үйлер» | жетілдіре отырып , сурет салудағы іскерлік дағдаларын көрсете алады<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Ұялы телефон»<br>Мақсаты:  Тұрмыстық заттарды мүсіндеу дағдыларын қалып-тастыра  отырып тәжірибиеде жүзеге асыра алады<br>Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон» | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Наурыз айы 2022 жыл**
**Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»**

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдаланып мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы мәліметтерді меңгере отырып,ұлттық дәстүрге деген өз қызығушылықтарын баяндай алады.

| Апталар | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас-2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу.<br>Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық»<br><br>Дене шынықтыру<br>Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>Музыкалық -қимылды ойын: «Қамшы алу»<br><br>Дене шынықтыру<br>Таяқшадан қос аяқтап секіру.<br>3.Доғаның астымен допты домалатып еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Салт- дәстүрді білемін»<br>Мақсаты:Балалар сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыта отырып,заттар тобын білдіретін жалпылауыш сөздерді түсініп айта алады.<br>Дид-қ ойын: «Сөзді жұмбақта»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Батырлар желісі»<br>Мақсаты: Өз ойларын білдіріп, басқалардың пікіріне құлақ асып, ұлдарға (күшті, батыл, еңбекқор) тән мінез-құлық ерекшелігін талқылай алады.<br>Әдеби кейіпкерлерді дене пластикасым, дауыс, мимика арқылы құра алады.<br>Дид-қ ойын: «Кімнің даусы?» | Математика негіздері<br>Тақырыбы:«Ұлттық киімдер»<br>Мақсаты: заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырады, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерлігіне жаттықтыруды жалғастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Заттарды топтастыр»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Қазақстанның қызыл кітабы»<br>Мақсаты: «Қызыл кітапқа» енгізілген және жойылып кету қаупі төнген жануарларды атай алады.<br>Табиғатта өзін ұстау ережесін біледі.<br>Үстел-үсті ойыны: «Аң мен аңшы» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Сырмақ оямыз»<br>Мақсаты: Дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастырады, ұлттық ою-өрнектердің элементтерін пайдалана алады.<br>Дид-қ ойын: «Әдемі сырмақ» | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: «Ұлттық киім мен әшекейлер»<br>Мақсаты: Балалар ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлау жолдарымен таныса отырып баяндай алады .<br>Дид-қ ойын: «Кімге не керек?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| II апта | Дене шынықтыру<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру.<br>Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу.<br>Қимылды ойын: «Секіргіш көжектер»<br><br>Дене шынықтыру<br>Таяқшалардан қос аяқпен секіру.<br>Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу.<br>Қимылды ойын: «Теңге алу»<br><br><br>Дене шынықтыру<br>Бір тізбекпен жүру.<br>Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру.<br>Спорттық іс-шара: «Көкпар» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Менің сүйікті ертегім»<br>Мақсаты: Жеке тәжірибесінен сурет мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра алады.<br>Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолданады.<br>Дид-қ ойын: «Ертегінің атын тап»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Ертегі орманы»<br>«Заттарды салыстыру»<br>Мақсаты: Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойын ша беттестіреді және тұстастыру арқылы екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Қандай өзгешелік бар?»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: « Әшекей бұйымдар»<br>Мақсаты: Қағаздан орам дар, жиектер жасайды .<br>Бөлшектерді өзара желім дей алады, композиция жасайды . Жеке және ұжымдық іс-әрекет жасай алады.<br>Дид-қ ойын: «Қуыршақты сәндейік»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Ертегілердегі жануарлар»<br>Мақсаты: Жабайы жануа рлардың (түлкі, қасқыр, тиін) сыртқы белгілері мен әрекеттері туралы білімдерін айта алады.<br>Дид-қ ойын: «Жануар құрастыр» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>«Ғажайып үй»<br>Мақсаты:Балалар сүйік ті ертегі кейіпкерлерін өз қалаулары бойынша салады<br>Ертегі кейіпкерінің дене бөліктерін атай отырып геометриялық пішінде рден біріктіріп сала алады Мазмұнды компо зиция сала алады.<br>Дид-қ ойын: «Не артық?»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Күлше ыздың (Золушка) үйі»<br>Мақсаты: Шаршы мен төртбұрышты екі бөлікке қияды , жіңішке жолақтарды көлденеңнен қия алады.<br>Дид-қ ойын: «Күлше қыздың достары» | |
| III апта | Дене шынықтыру<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Орнынан ұзындыққа | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Ауыз әдебиеті» | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Ертегілер еліндегі ғажайып | Музыка<br>Маман жоспары бойынша | Қоршаған ортамен танысу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру. (35-40см).<br>Текшелерден аттап өту.<br>Қимылды ойын:<br>«Гүлдерді жинайық»<br><br>Дене шынықтыру<br>Ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру.<br>Нысанаға дейін еңбектеу.<br>Қимылды ойын:<br>«Құмыраны толтыр»<br><br>Дене шынықтыру<br>Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу.<br>Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде» | Мақсаты:Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекітіп, баяу сөйлеу, жаңылтпаштар оқу артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіре алады .Жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылт паштартар-мен сөздік қорын толықтыра отырып,өайталап айта алады.<br>Дид-қ ойын: «Мықты болсаң, тауып көр!»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:<br>«Ару қыздар өнері»<br>Мақсаты: Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіреді: сахнада бағдар лайды, қыздарға тән (қарапай ым, әдемі) мінез-құлық ерекшелігін талқылай алады .<br>Әдеби кейіпкерлерді дене пластикасы, ым, дауыс мимикасы арқылы құра алады.<br>Дид-қ ойын: «Мінездеме суреті» | математика »<br>Мақсаты: Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамытуды жалғастыра алады (көру, есту, иіс сезу).<br>Дид-қ ойын: «Көршісін ата»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Табиғат бұрышындағы достар»<br>Мақсаты: Көктем мезгіл індегі табиғаттағы бақылау дағдыларын дамытып көрсете алады.<br>Табиғат бұрышындағы тірі нысандар мен өсімдіктерге күтім жасай біледі .<br>Дид-қ ойын: «Зоологиялық лото» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>«Алтын балық»<br>Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет сала алады.<br>Дид-қ ойын: «Алтын балыққа тілек» | Тақырыбы: «Көктем мезгілі»<br>Мақсаты: Көктем мезгілінде адамда рдың іс-әрекетіне зейіндерін аудару дағдыларын дамы та алады. Табиғатта өзін-өзі ұстау қара пайым ережесін біледі.<br>Дид-қ ойын: «Көктем көрінісі» |
| IVапта | Дене шынықтыру<br>Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу. Қимылды ойын: «Жолдан шықпа»<br><br>Дене шынықтыру<br>.Шеңберден шеңберге секіру. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Көктемде»<br>Мақсаты:Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымша ларды қолданады. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Бұл қай кезде болады?»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>«Көктемгі саябақ»<br>(кеңістікті бағдарлау)<br>Мақсаты: Өзінің дене бөліктерінің орналасуын бағдарлап баяндайды, өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтай алады.<br>Дид-қ ойын: «Қанша болды, қанша қалды?» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>«Ағаштар бүршік жарғанда»<br>Мақсаты: Ағаштарды олардың ерекшеліктерін ескере отырып, сюжетті сурет сала алады.<br>Дид-қ ойын: «Көктем көрінісі» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу.<br>Қимылды ойын: «Төбешікке мінеміз»<br><br>Дене шынықтыру<br>Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру.<br>Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Астық жинаймыз» | | Құрастыру<br>Тақырыбы: «Сиқырлы зәулім үй»<br>Мақсаты:.Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре біледі және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдыларын көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Мыстан кемпірдің үйшігі»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Далада не өседі?»<br>Мақсаты: Көктем мезгіл індегі өсімдіктердің тір шілігі, шөптесін өсімдік тер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы білгендерін баяндай алады.<br>Диқ ойын: «Дала гүлдерін білесің бе?» | Мүсіндеу<br>Тақырыбы:<br>«Ұлттық бұрыш»<br>Мақсаты: Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайда лана отырып, қамырдан мүсіндей алады.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композиция лар құрастыра алады<br>Дид-қ ойын: «Есіңе сақта» | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Сәуір айы 2022 жыл**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалар белсенді қимыл әрекеттерін өздері жеке және ересектермен бірге еркін жасау арөылы еңбек сүйгіштіктерін көрсетеді, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіреді. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтайды.Үлкендердің еңбегімен таныса отырып еңбекті құрметтеу қажеттігі туралы айтады. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптайды.

| Апталар | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас-2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | Дене шынықтыру<br>(негізгі қимылдар)<br>1.Орнынан ұзындыққа секіру. (35-40см).<br>Текшелерден аттап өту.<br>Қимылды ойын:<br>«Гүлдерді жинайық»<br><br>Дене шынықтыру<br>Ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру.<br>Нысанаға дейін еңбектеу.<br>Қимылды ойын:<br>«Құмыраны толтыр»<br><br>Дене шынықтыру<br>Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу.<br>Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде» | Сөйлеуді дамыту<br>«Қызғалдақ» өлеңі<br>Р.Тышқанбаев.<br>Мақсаты: Есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіре отырып дұрыс айта алады.<br>«Ғ», «Қ»дыбыстарын анық айта алады..<br>Дид.ойын: «Гүлді тап»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:<br>«Бидай мен қаңбақ»<br>А.Тоқмағанбетов<br>Мақсаты:. мәнерлеп оқыған өлеңді тыңдай отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсібі- егін өсіру туралы мағлұматты түсініп айта алады.<br>Дид-қ ойын: «Ия, жоқ» | Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>«Көрікті гүлзар»<br>Мақсаты: Жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін тауып көрсете алады.<br>Дид-қ ойын: «Гүлдерді түсіне қарай жина»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Өсімдіктер әлемі»<br>Мақсаты:Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін баяндай біледі.<br>Дид-қ ойын:«Айырмашылығын тап» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Алғашқы бәйшешектер»<br>Мақсаты:Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуды біледі.<br>Дид-қ ойын: «Бәйшешек алаңы»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Бидай мен қаңбақ»<br>Мақсаты: Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыра алады.<br>Үстел-үсті ойыны:<br>«Ауылдағы еңбек күні» | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы:<br>«Табиғаттағы қауіпсіздік»<br>Мақсаты: Қауіпсіздік ережесін сақтайды.<br>Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларын біледі.<br>Дид-қ ойын:<br>«Сақтану ережесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| II апта | Дене шынықтыру<br>Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру.<br>Допты нысанаға көздеп лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Кубиктерді жинастыр»<br><br>Дене шынықтыру<br>Бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Доғаның астынан еңбектеп өту.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?»<br><br>Дене шынықтыру<br>Допты бір метр қашықтықтағы қақпаға домалату.<br>Допты қос қолдап торға лақтыру.<br>Спорттық іс-шара: «Ептілер, күштілер» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: М.Етекбаев «Нан қайдан шығады?» ертегісі<br>Мақсаты: Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырады. Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс атап атайды.<br>Дид-қ ойын: «Не екті, не шықты?»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі<br>Мақсаты: Заттардың жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы біледі. Осы заттардың сыңарын қою негізінде салыстырып теңдігін анықтай алады.<br>Дид-қ ойын: «Үлкен-кіші»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: «Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер»<br>Мақсаты: Қағаздан «оригами» типі бойынша гүлдер құрастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Әдемі гүл»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Нан қалай пайда болды?»<br>Мақсаты: Қарапайым зерттеуге қызығушылық пен әуестік танытып түйген ойларын баяндай алады<br>Дид-қ ойын: «Бұл қай кезде болады?» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>«Бидай мен қаңбақ»<br>Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды комозиция сала алады.<br>Дид-қ ойын: «Егіс алқабында»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Бидай мен қаңбақ»<br>Мақсаты: Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыра алады.<br>Үстел-үсті ойыны: «Ауылдағы еңбек күні» | |
| III-апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1.30-40 секунд бойы үзіліссіз жүгіру.<br>Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>С.Қалиев «Құмырсқа» өлеңі<br>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-ц) анық айта алады<br>Дид-қ ойын: «Сөз ойла, тез ойла» | Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>«Құмырсқаның илеуі»<br>Мақсаты: Геометриялық пішін -үшбұрышты таниды және атайды, пішннің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттей алады. | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Қаңқызы»<br>Мақсаты: Дәстүрден тыс | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Пияз отырғызу»<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру<br>Еңіс тақтай үстімен жүру.<br>Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру.<br>Музыкалық жаттығу: «Достар жаттығуы»<br><br>Дене шынықтыру<br>Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру.<br>Ауданы 50х50см,биіктігі 10см мінбеге өрмелеу.<br>Қимылды ойын: «Досыңа допты домалат» | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Шырылдауық шегіртке»<br>Мақсаты: Көлеңке театры арқылы таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалай алады.<br>Дид-қ ойын: «Шегірткенің әні» | Дид-қ ойын: «Жұбын тап»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Ормандағы жәндіктер»<br>Мақсаты:Жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) бекітеді, кейбір жәндіктер туралы (құмырсқа) қарапайым түсінік бере алады.<br>Дид-қ ойын: «Құмырсқаның илеуі» | тәсілдермен сурет салудың техникасын меңгеріп көрсете алады. Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.<br>Дид-қ ойын: «Ұшты, ұшты» | алады<br>Дид-қ ойын: «Ащы ма, тұщы ма?» |
| IVапта | Дене шынықтыру<br>Орындық астымен еңбектеп өту.<br>0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату.<br>Қимылды ойын: «Нысанаға дәлде»<br><br>Дене шынықтыру<br>Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту.<br>Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: « Еңбек туралы мақал-мәтелдер»<br>Мақсаты: Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіте алады.Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіруді біледі .<br>Дид-қ ойын: «Еңбек етсең....»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Көктем құстары»<br>Мақсаты: Заттардың санын салыстыра алады, заттардың тең болу және тең болмау ұғымдарымен таныстыруды бекіте алады<br>Дид-қ ойын: «Қанша өзгешелік бар?»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: «Наубайхана» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс)<br>Мақсаты:Табиғи матер иалдардан, жапырақтармен қорапшалардан | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Құстың ұясы»<br>Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып сала алады<br>Дид-қ ойын: «Құстарға ұя жасаймыз»<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Қоңыз»<br>Мақсаты: Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: «Ұшақтар»<br><br>Дене шынықтыру<br>Кішкене қапшықты төбесіне қойып,тақтай үстімен жүру.<br>Доға астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер» | | наубайхананың макетін құрастырады, қалыптастыруды біледі.<br>Дид-қ ойын: «Бөліктерден құрастыр»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Пияз бен шөп»<br>Мақсаты: Пияздың және шөптің бөлме жағдайында өсуі туралы білімдерін қалыптастырады. Арам шөптерді жұлу арқылы оларға күтім жасау дағдыларын жетілдіруді біледі.<br>Дид-қ ойын: «Бақшада өсе ме, әлде бақта ма?» | пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндей алады.<br>Дид-қ ойын: «Мейірімді қоңыз» | |
| Ү-апта | Дене шынықтыру<br>Бір қалыпты жүру.<br>Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Мен дәл тигіземін»<br><br>Дене шынықтыру<br>Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу.<br>Музыкалық жаттығу: «Менен кейін қайтала»<br><br>Дене шынықтыру<br>Жол бойымен еңбектеу.<br>Гимнастикалық орындық үстінде тұру,<br>Спорттық іс-шара: «Біз спортшылармыз» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Менің сүйікті мысығым» Мақсаты:Қажетті сөздерді пайдаланыыпғ әңгіме құрайды. Дыбыстарды анық айтуға жаттығады.<br>Дид-қ ойын: «Сөз ойла, тез ойла»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Біреуі артық»<br>Мақсаты: Біреу-көп ұғымын біледі<br>Дид-қ ойын: «Жұбын тап»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Жылы, жылы жел соқты»<br>Мақсаты:табиғат құбылыстары оның ішінде жел туралы пайда болуы себептерін біледі.<br>Дид-қ ойын: «Тербеледі ағаштар» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:Қоянға арналған әшекей»<br>Мақсаты: Қылқаламмен бояу дағдысы қалыптасады.<br>Дид-қ ойын: «Ұшты, ұшты» | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Жылғалардың су ақты»<br>Мақсаты: Қардың еруін бақылайды, құбылысты әңгімелеп айтып береді.<br>Дид-қ ойын: «Ащы ма, тұщы ма?» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Мамыр айы 2022жыл**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

**Мақсаты: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» б**ілім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын бекітеді,баяндап сипаттай алады.Дене жаттығуларын орындайды, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын біледі және жеке бас гигиеналарын сақтайды;Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айтады, қарым-қатынасқа еркін түсе алады, сөйлемдердің әр-түрлі түрлерін қолданады;Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын біледі. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін айта алады;Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін баяндай алады.

| Апталар | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас -2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Шығармашылық-3<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу -1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.<br>Аласа орындық үстінде еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Көбелекті ұста»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Доптарды бір-біріне домалату.<br>Қимылды ойын: «Көлшік судан атап өт»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір және екі қолмен допты | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»<br>Мақсаты: Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыруды бекітеді және айта алады..<br>Дид-қ ойын: «Қай ұлттың киімі?»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Мәншүктің анасына хаты»<br>Мақсаты: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіреді. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалай алады.<br>Сахналау | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»<br>Мақсаты: Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіреді,.5-ке дейін тура және кері санауды бекітіп санай алады.<br>Дид-қ ойын: «Киімінде қандай пішін бар?<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Кесіртке қайда мекендейді?»<br>Мақсаты: Бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен (кесіртке, тасбақа), олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br>Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Достық шаңырағы»<br>Мақсаты: Қазақ халқы ның сәндік-қоданбалы өнері туралы білімдерін баяндай алады.2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіріп бейнелей алады.<br>Дид-қ ойын: «Бәріміз біргеміз» | Қоршаған ортамен таныстыру<br><br>Тақырыбы: «Ауылдағы тіршілік»<br>Мақсаты: Ауыл шаруашылығындағы ересектер еңбегі туралы біледі. Ауыл шаруашылығы жұмысшылары еңбегінің мәнін түсінеді (қала мен ауылдың байланысы), диханның еңбегі туралы білімдерін қалыптастыра алады.<br>Дид-қ ойын: «Кімге не қажет?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еденге ұру.<br>Таспалардан аттап өту.<br>Қимылды ойын: «Менің көңілді добым» | | таныстыруды бекітеді .<br>(кесірткенің денесі ұзын, құйрығы да ұзын, ол оны тастап кете алады және ол тез қимылдайды).<br>Дид-қ ойын: «Топтастыр» | | |
| II апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>Доға астынан еңбектеп өту.<br>Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Еңіс тақтай үстімен жүру.<br>Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру.<br>Музыкалық жаттығу: «Достар жаттығуы»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Жол бойымен еңбектеу.<br>Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу.<br>Спорттық іс-шара: «Біз спортшылармыз» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:«Кім әскерде қызмет етеді?» І.Мамбетов<br>Мақсаты: Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана алады Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөздерді көпше және жекеше түрде дұрыс айтуларын жетілдіре отырып айта алады<br>Дид-қ ойын: «Отан қорғаушылар»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | Математика негіздері<br>Тақырыбы:«Сарбаздар»<br>Мақсаты: Тәулік бөлікте рін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең ұғымдарын бекіте отырып жатқа айта алады.<br>Дид-қ ойын: «Әскердегі сарбаздар»<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы:«Батпырауық»<br>Мақсаты: Балалар қалдық материалдардан бұйым жасау біліктерін бекіте алады. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалана біледі.<br>Дид-қ ойын: «Сұрақтарға жауап бер»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Отан қорғаушылар»<br>Мақсаты: Балалар әскер туралы білімдерін жетілдіре отырып олардың түрлерімен таныстыруды бекіте алады. Отанына деген сүйіспеншілікерін қалыптастыруды біледі.<br>Дид-қ ойын: «Не, қайда?» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>«Мерекелік от шашу»<br>Мақсаты: Өз ойлары бойынша сурет салады, композиция құрастыра алады. Көлемді пішіндерді безендіре алады.<br>Дид-қ ойын: «Әскери мамандық»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «От шашу»<br>Мақсаты: Жіңішке жол ақтарды көлденеңінен жапсыра алады. Желіммен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіріп желімдей алады.<br>Дид-қ ойын: «Әскери мамандық» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| III апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Орындық астымен еңбектеп өту.<br>0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату.<br>Қимылды ойын: «Нысанаға дәлде»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру.<br>Ауданы 50х50см,биіктігі 10см мінбеге өрмелеу.<br>Қимылды ойын: «Досыңа допты домалат»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.<br>Аласа орындық үстінде еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Көбелекті ұста» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Жайлау көркі»<br>Мақсаты: Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрауда сөз ұйқасын таба отырып, сөйлем құрастыра алады .<br>Дид-қ ойын: «Сөзге сөз қос»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Мәншүктің анасына хаты»<br>Мақсаты: Әдеби кейіпкер лердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіреді. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалай алады.<br>Сахналау | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Саяхатқа дайындық»<br>Мақсаты: Кеңістікті бағ дарлауда мате матикалық ұғымдарды түсінеді, берілген тапсыр маларды орындай алады. Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң,сол,алда,артта,жоғары -да,төменде,алыс,жақын) анықтай алады.<br>Дид-қ ойын: «Қандай пішінді көріп тұрсың?»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Қош кел дің, жаз!»<br>Мақсаты: Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін айта алады. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында таным дық-зерттеушілік іс-әрекеттерін баяндай алады.<br>Дид-қ ойын: «Жаздағы түстер» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Көңілді жаз» (Еркін тақырып)<br>Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналас тыра отырып, мазмұнды композиция сала алады. Өз қалауымен сурет салады.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?»<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Гүлзардағы гүлдер»<br>(ұжымдық жұмыс)<br>Мақсаты: Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдау арқылы ұжымдық жұмысқа қатысады, қызығушылығын көрсетеді.<br>Дид-қ ойын: «Аппақ гүлдер, ақ гүлдер» | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Көбелек және инелік»<br>**Мақсаты:** Көбе лек және инелік пен танысып, олардың айырма шылығын байқап айтып бере алады Көбелек пен инеліктің қалай пайда болатындығын (жұмыртқа, дер нәсіл, қуыршақ) біледі. Жәндіктерге қамқорлықпен қарап, қорғай алады.<br>Дид-қ ойын: «Көбелек гүлге қонады» |
| IVапта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1.Бір қалыпты жүру. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:«Көшбасшы»<br>Мақсаты: Балалар заман талабына сай әр саладағы білімдерін кеңейте отырып, | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Ойнайық та, ойлайық»<br>(сайыс түрінде)<br>Мақсаты: Балалар ой- | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы:«Ғажайып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: «Мен дәл тигіземін»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу.<br>Музыкалық жаттығу: «Менен кейін қайтала»<br><br>Дене шынықтыру<br>Жол бойымен еңбектеу. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу.<br>Спорттық іс-шара: «Біз спортшылармыз» | білім деңгейін бекіте алады. Ұлттық мәдениет құндылықтарын бойларына сіңіре отырып, балалардың тапқырлығын, шеберлігін, танымдық қабілеттерін қалыптастыра алады. Сұрақтарға толық жауап беру дағдысын жетілдіре алады. Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтыла алады. Көшбасшылық қабілетін ояту, білімді, дарынды, озық болуға, алған білімдерін қолдана білуге тәрбиелеуді бекіте алады.<br>Дидактикалық ойын: «Топ көшбасшысы»<br><br>Орыс тілі<br>Маман жоспары бойынша | өрісін дамыту, айтылған сан бойынша заттарды санап шығу, танып, атай білуге, қанша? қандай? нешінші? деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге талап ете алады. Сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде дегенді ажырата біледі ұғымдарын кеңейте алады. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түседі. Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыта алады.<br><br>Құрастыру<br>Тақырыбы: «Ұшақ»<br>Мақсаты: Балалар қалдық материалдардан бұйым жасауларын қалыптастыра алады. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану дағдысын бекітіп жасай алады.<br>Дид-қ ойын: «Ұшады, ұшпайды»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Табиғат байлықтары» (білім сайысын өткізу)<br>Мақсаты: Табиғатты қорғау туралы мәлімет беріп , меңгерту, танымдық қабілетін арттыру; есте сақтау, көру қабілеттерін дамытып; ой | сурет әлемінде»<br>(сайыс өткізу)<br>Мақсаты: Балалар бейнелеу өнерінің қыр-сыр ын жан-жақты жетілдіре алады. Олар дүние танымын, эстетикалық талғамын кеңейтеді. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыра алады<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы:«Гүлзардағы гүлдер»<br>(ұжымдық жұмыс)<br>Мақсаты: Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдау арқылы ұжымдық жұмысқа қатысады, қызығушылығын көрсетеді.<br>Дид-қ ойын: «Аппақ гүлдер, ақ гүлдер» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | –өрісін кеңейте алады. Табиғатты сүюге және ұқыпты ұстауға тәрбиелеуді; эстетикалық; сезімдерін баули алады. | | |
| Ү-апта | Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>1.Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.<br>Аласа орындық үстінде еңбектеу.<br>Қимылды ойын: «Көбелекті ұста»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)<br>Бір және екі қолмен допты еденге ұру.<br>Таспалардан аттап өту.<br>Қимылды ойын: «Менің көңілді добым»<br><br>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Доптарды бір-біріне домалату.<br>Қимылды ойын: «Көлшік судан атап өт» | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Жазғы күннің жылуы»<br>Мақсаты: Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрауда сөз ұйқасын таба отырып, сөйлем құрастыра алады .<br>Дид-қ ойын: «Сөзге сөз қос»<br><br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» ертегісі<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкер лердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіреді. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалай алады.<br>Сахналау | Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Сиқырлы қоржын»<br>Мақсаты: Ойын шартын біледі. Берілген тапсыр маларды орындай алады. Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң,сол,алда,артта,жоғары да,төменде,алыс,жақын) анықтай алады.<br>Дид-қ ойын: «Қандай пішінді көріп тұрсың?»<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Қош келдің, жаз!»<br>Мақсаты: Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін айта алады. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында таным дық-зерттеушілік іс-әрекеттерін баяндай алады.<br>Дид-қ ойын: «Жаздағы түстер» | Музыка<br>Маман жоспары бойынша<br><br>Сурет салу<br>Тақырыбы«Күн сәулелі көжектер» (Еркін тақырып)<br>Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция сала алады. Өз қалауымен сурет салады.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?»<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Шағылысқан күн сәулесі» (ұжымдық жұмыс)<br>Мақсаты: Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдау арқылы ұжымдық жұмысқа қатысады, қызығушылығын көрсетеді.<br>Дид-қ ойын:<br>«Күн мен бұлт» | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: «Күннің көзін бақылаймыз»<br>**Мақсаты:** Күннің жаз мезгіліндегі ерекшелігін бақылау бойынша айтып береді. біледі.<br>Дид-қ ойын: «Күн түн» |

Дайындаған тәрбиешілер: ________________________________

________________________________